«Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген ішкі талдаудың
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Түркістан қаласы **26.06.2026ж.**

Ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы: Түркістан облысының құрылыс басқармасы (әрі қарай - Басқарма).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негіздері:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңы, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Түркістан облысы құрылыс басқармасының 2026 жылғы 5 мамырдағы №27-н/қ бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізетін жұмыс тобының персоналдық құрамы:

Е.Забиров	-	басқарма басшысының орынбасары;
Б.Оразбеков	-	басқарма басшысының орынбасары;
Ж.Борсабаев	-	басқарма басшысының орынбасары;
А.Мұсаев	-	әкімшілік-экономикалық бөлімінің басшысы;
Р.Рыспаев	-	әлеуметтік нысандар құрылысы бөлімінің басшысы;
Е.Бибатыров	-	тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы;
А.Бейсенбаева	-	қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы;
Д.Оңласынов	-	әкімшілік-экономикалық бөлімінің бас маман-заңгері;
И.Срайылов	-	әкімшілік-экономикалық бөлімінің бас маманы;
Г. Шадирбекова		әкімшілік-экономикалық бөлімінің бас маманы.

Ішкі талдауға өзге субъектілердің мамандары мен сарапшылары тартылған жоқ.

Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері.

Талдаудың мақсаты Басқармада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және жою, қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және оған төзбеушілікті қалыптастыру болып табылады.

Талдаудың міндеті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын алу мен жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың бағыты:

1) Басқарма қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.01.2025 жыл мен 2026 жылғы 26 маусымға дейін

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне анықтау бойынша талдау жұмыстарының сипаттамасы:

Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері:

Қағидалардың 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) Басқарманың қызметін қозғайтын ішкі мемлекеттік аудит және өзге де құзыретті органдарды тексеру нәтижелері;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

4) Басқармаға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер:

- ҚР Бюджет кодексі;
- "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" ҚРЗ;
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚРЗ;
- "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" ҚРЗ;
- "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" ҚРЗ;
- Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидалары;
- Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидалары;
- "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚРЗ;
- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі;
- Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдерін, қазынашылық есепке алу және мониторинг ресімдері;
- Мекеменің ішкі құжаттары (ереже);

- Мекеменің ішкі құжаттары (ереже);
- Атқаратын лауазымдарына сәйкес лауазымдық нұсқаулықтары.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Басқарма өз қызметінде бөлімдерінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік-құқықтық актілермен және құқықтық актілердің арасында сыбайлас жемқорлық және бұзушылық жасауға ықпал ететін өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын өкілеттік пен нормалар анықталмады.

1-міндет. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Басқармада жалпы штат саны – 46, оның ішінде – мемлекеттік қызметшілер саны – 33, нақты – 31, бос лауазым – 2, келісімшарт негізінде қызмет атқаратын қызметшілер саны – 16, нақты – 13, бос лауазым – 3;

Лауазымға іріктеу қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады *(мемлекеттік қызметшілерді облыс әкімі аппараты «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі арқылы өткізетін конкурстың нәтижесіне сәйкес және келісімшарт негізінде қызмет атқаратын қызметкерлер Түркістан қаласы жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде қабылданады).*

Тәртіптік жазаларды қолдану барысында заң бұзушылықтар анықталмады.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілеріне Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректер базасы арқылы сұрау салынып, нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттерге байланысты жауапкершілікке тартылғандар анықталмады.

Басқарманың барлық мемлекеттік қызметшілері қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген мерзімде жыл сайынғы кірісі мен мүлкі туралы декларацияны тапсырған.

2-міндет. Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Басқарманың қызметкерлерінің жеке құжаттарын қарау барысында зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады, атап айтқанда, мемлекеттік қызметші өзінің жақын туыстары немесе жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымға тікелей бағыныстағы мемлекеттік лауазымды атқармайды. Сонымен қатар, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, Басқарманың қызметін жүзеге асыру барысында қандай да бір артықшылықтар көрсету анықталған жоқ. Басқарма қызметкерлері қызметін бекітілген лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес іске асырады және әрекеттерінде құқық бұзушылық көріністері анықталмады.

Талдау барысында басқарма қызметінде мүдделер қақтығысы анықталмады.

3-міндет. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 мамырдағы №117 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес басқарманың қызметінде мемлекеттік қызметтер көрсету қарастырылмаған.

4-міндет. Рұқсат етуші функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 мамырдағы №117 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес басқарманың қызметінде рұқсат етуші функциялары қарастырылмаған.

5-міндет. Бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 мамырдағы №117 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес басқарманың қызметінде бақылау функциялары қарастырылмаған.

6-міндет. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Түркістан облысы құрылыс басқармасы бойынша 2025 жылдың 31 желтоқсанына қаржыландыру жоспары 167 337 912,0 мың теңгені құраса, қаржылардың орындалуы 167 337 885 мың теңге немесе жоспардың 99,9 % пайызын құрады.

Түркістан облысы құрылыс басқармасы бойынша 2026 жылдың 1-ші тоқсанына қаржыландыру жоспары 7 848 744,0 мың теңгені құраса, қаржылардың орындалуы 7 848 742 мың.теңге, немесе жоспардың 99,9 % пайызын құрады.

Басқарманың сатып алу жоспары мемлекеттік сатып алу порталына басқарма басшысының бұйрығына сәйкес белгіленген мерзімде енгізілген. Мерзімдерін бұзу орын алмаған. 2025 ж. мен 01.01.-26.06.2026 ж. аралығында мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе күшін жою фактілері орын алмаған.

Басқармада мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу барысында әлеуетті өнім беруші тарапынан қарым-қатынас іс-әрекеттері туындау мүмкіндігі жоғары болуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелінің алдын алу мақсатында арнайы бірыңғай конкурс ұйымдастырушы «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылып, орталықтандырылған. Мемлекеттік сатып алу конкурстары веб-порталында өткізіледі.

Мемлекеттік сатып алу келісімшарттары электронды цифрлық қолтаңбамен электронды нысанда қол қойылады. Талдау барысында

мемлекеттік сатып алу өткізуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқықбұзушылықтары анықталмады.

7-міндет. Салықтарды және өзге де төлемдерді жинауға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Түркістан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 мамырдағы №117 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережеге сәйкес, басқарманың қызметінде салықтарды және өзге де төлемдерді жинауға байланысты функциялары қарастырылмаған.

8-міндет. Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасуға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Басқармада заңды тұлғалармен жасалатын шарт жасасу кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

9-міндет. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Құрылыс-монтаждау жұмыстары барысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Ережеге сәйкес, Басқарма бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобалардың құрылыстарына және білім беру нысандарының күрделі жөндеуіне тапсырыс беруші функциясын атқаратын, құрылысы аяқталған нысандарды пайдалануға тапсыратын, мердігер мекемелермен келісімшарт жасасатын және келісімшарт міндеттемелерінің орындалуына бақылау жасайтын жергілікті атқарушы орган болып табылады.

Мердігер мекемелерімен орындалған жұмыс көлемдері үшін төлем Қазақстан Республикасы экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №299 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Талдау барысында, төмендегі әрекеттерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін:

1. Орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының актілеріне қол қою.

Тапсырыс беруші тарапынан мердігер мекемелерімен орындалған жұмыс көлемдері үшін төлем Қазақстан Республикасы экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №299 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Аталған қағидаға сәйкес, тапсырыс беруші мердігердің операциялық-шаруашылық қызметіне араласпай, орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін, сондай-ақ мердігерлік ұйым, өнім берушілер және басқа ұйымдар орындаған жұмыс (қызмет), жеткізілген өнім және басқа жасалған шығындар үшін төлеуге ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тексереді. Сонымен қатар аталған қағиданың қосымшаларына сәйкес орындалған жұмыстар актісіне, орындалған құрылыс

жұмыстары (базалық-индекстік әдіс бойынша) мен шығындар құны туралы анықтамаға, орындалған құрылыс жұмыстары (ресурстық әдіс бойынша) мен шығындар құны туралы анықтамаға қол қояды.

Сәйкесінше, техникалық, авторлық қадағалаушылар мен тапсырыс беруші (Басқарма), сондай-ақ мердігер мекемелер тарапынан қарым-қатынас іс-әрекеттері, нақтырақ айтқанда құжаттар қол қоюға қағаз жеткізгіште ұсынылып, тікелей қарым-қатынас орнауы арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындайды.

Ұсыным:

- құрылыс процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету және тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында тараптардың орындалған жұмыс көлемдерін растауын, цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде **«E-QURYLYS» және «БИТРИКС»** электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.

2. Құрылысы аяқталған нысанды пайдалануға қабылдау актілеріне қол қою және рәсімдеу.

«Қазақстан Республиксындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 75-бабына сәйкес тапсырыс беруші мердігер мекемеден құрылысы аяқалған нысанды қабылдауды жүзеге асырады. Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы хабарлама алған күннен бастап тапсырыс беруші мердігерден (бас мердігерден) және техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды сұратады.

Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы мен орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар негізінде мердігермен (бас мердігермен), техникалық және авторлық қадағалауларды жүзеге асыратын тұлғалармен бірлесіп, атқарушылық техникалық құжаттаманың бар-жоғы және жинақталымы тұрғысынан тексеруге, объектіні қарап-тексеруге және тиісті акт бойынша пайдалануға қабылдауға (объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығына түпкілікті тексеру жүргізуге) міндетті.

Бекітілген жобалық шешімдерді және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерді бұзушылықтар анықталған жағдайда, сондай-ақ теріс қорытындылар болған кезде тапсырыс беруші объектіні мердігер (бас мердігер) бұзушылықтарды жойғаннан кейін пайдалануға қабылдайды.

Алайда, тапсырыс беруші, техникалық қадағалаушы, сондай-ақ мердігер мекемелер тарапынан қарым-қатынас іс-әрекеттері, нақтырақ айтқанда нысанды пайдалануға қабылдау актісін рәсімдеу тікелей қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін.

Ұсыным:

- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында тараптардың тараптардың құрылысы аяқталған нысандарды пайдалануға қабылдау актілерін рәсімделуін цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде **«E-QURYLYS» және «БИТРИКС»** электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.

3. Құрылыс жұмыстарының өндірістік кестелерін бекіту.

Қаржыландыру жоспарына сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарының өндірістік кестесі бектіледі. Мердігер тарапынан өндірістік кестелер қағаз жеткізгіште ұсынылып, тапсырыс берушімен тікелей қарым-қатынасқа түсуге алып келеді.

Ұсыным:

- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында тараптардың жұмыстардың өндірістік кестесін бекітуді цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде **«E-QURYLYS» және «БИТРИКС»** электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.

4. Айыппұл санкцияларын уақытылы және толық қолданбау.

Мердігер тарапынан келісімшарт міндеттемелері орындалмаған немесе бұзыла орындалған жағдайда айыппұл санкцияларын қолданбау немесе азайтылып қолдану арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыру қаупі бар.

Ұсыным:

- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында сәйкессіздіктер анықталғанда айыппұл санкцияларын қолдануды цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде **«E-QURYLYS» және «БИТРИКС»** электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.

5. Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын (СЖТ) әзірлеу.

Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын әзірлеу барысында тараптар тікелей қарым-қатынасқа түсу кезінде тапсырыс берушімен құжаттарды ұсыну мерзімдерін негізсіз созу, белгілі бір тұлғаларға артықшылықтар беру, нормативтерге сәйкес келмейтін шешімдерді келісу, құжаттарды келісуден негізсіз бас тарту секілді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыру әрекеттері орын алуы ықтимал.

Ұсыным:

- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын әзірлеу барысын цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның **«GOV.GKK.KZ»** және **«EGOV»** электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және Әдеп кодексі талаптарының сақталуы.

Талдау жүргізу барысында Әдеп кодексі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамалары талаптарын бұзу тәуекелдері анықталмады.

Басқармада 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген.

Басқарма қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында Түркістан адалдық алаңы жобалық кеңсесімен жұмыстар жүргізіліп, құқықтық семинарлар өткізілді. Басқарма басшысының төрағалығымен айына бір реттен сиретпей басқарма ұжымымен сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, алдын алу, жолын кесу, мәдениетті қалыптастыру мақсатында мәжілістер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ұсыным: Басқарма қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында тұрақты түрде профилактикалық жұмыстарды жүргізу.

Құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі өзге де шаралар:

- мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау-мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделілігі (тікелей немесе жанама) оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделілігі мен құрылыспен айналысатын азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері арасында қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдайды болдырмау;
- тиісті жағдайларда сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасау тәуекелі барынша азайту бойынша жұмыстарды тұрақты жүргізу;
- қызметкерлердің жұмыс берушіні сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасауға көндіру жағдайлары және осындай хабарламаларды қарастыру тәртібі туралы ақпараттандыру рәсімін түсіндіру бойынша дәрістер өткізу (тұрақты);
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпаратты құрылыс басқармасының ресми интернет-порталында уақтылы орналастыру (тұрақты).
- Басқарма қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша семинарлар, әңгімелесулер өткізу, құрылыс саласындағы заңнамаға енгізілетін өзгерістермен және қызметкерлердің қызметін қозғайтын өзге де актілермен таныстыру (тұрақты).

Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету.

Басқарманың ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-kurylys/activities/population?lang=kk "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат" бағанында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттары бойынша ақпарат орналастырылған. Әлеуметтік желілерде келіп түскен өтініштермен тұрақты жұмыс жүргізіледі, жауапты қызметкер хабарламаларға мониторинг жүргізіліп, келіп түскен сауалдарға кері байланыс орнатылып, жауап беріледі. Басқарма басшысы мен орынбасарларының жеке қабылдау күндері мен жетекшілік ететін салалары жөніндегі ақпараттар орналастырылған.

Жоғарыда анықталғандарды қорыта келе ішкі талдау қорытындысымен Түркістан облысы құрылыс басқармасына жұмыс тобымен төмендегілер **ұсынылады:**

- құрылыс процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету және тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында **тараптардың орындалған жұмыс көлемдерін растауын** цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде «E-QURYLYS» және «БИТРИКС» электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.
- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында **тараптардың құрылысы аяқталған нысандарды пайдалануға қабылдау актілерін рәсімделуін** цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде «E-QURYLYS» және «БИТРИКС» электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.
- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында **тараптардың жұмыстардың өндірістік кестесін бекітуді** цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде «E-QURYLYS» және «БИТРИКС» электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.;
- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында **сәйкессіздіктер анықталғанда айыппұл санкцияларын қолдануды** цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде «E-QURYLYS» және «БИТРИКС» электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.
- тәуекелдерді жоюдың шешімін қарастыру мақсатында **сәулет-жоспарлау тапсырмаларын әзірлеу барысын** цифрландыру жөнінде уәкілетті органға ұсыныс жолдау, оның ішінде «GOV.GKK.KZ» және «EGOV» электрондық ақпараттық жүйелерін қолдану.
- Басқармада жоғарыда аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына байланысты мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, болдырмау, мәдениетті қалыптастыру мақсатында семинар сабақтар және заң алдында жауапкершілігін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің өкілдерінің қатысуымен түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп тұру ұсынылады.

Талдау жүргізу барысында іс қағаздарын рәсімдеу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Жұмысшы топ мүшесі, басшы орынбасары Ж.Борсабаев 2026 жылғы 16 маусымдағы №58-ж/қ бұйрығына сәйкес еңбек демалысында.

Жұмыс тобының жетекшісі: **Е.Забиров**

Жұмы тобы: **Б.Оразбеков**

А.Мұсаев

Р.Рыспаев

Е.Бибатыров

А.Бейсенбаева

Д.Оңласынов

И.Срайылов

Г.Шадирбекова

Таныстым:

Түркістан облысы құрылыс
басқармасының басшысы _____ А.Тұрханов
(қолы)